Қ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# І ТУЫ

ЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
АВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

ктябрь Жексенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тиын

## зінің қорытынды
## күнделігі

ен алға басып
ан Канада хал-
ешқандай жал-
алмайды. Біздің
ының Канада
жол бермеу жә-
шырмауға мүм-
іады.
сыздық, баға-
ң артуы немесе
ының соғыс ма
ден шикізат бе-
екордты цифр-
деді Лесли
Одағының ха-
мократия елде-
мен тығыз дос-
жасалуын ті-

ың сөзіне де
қтап, сан рет

ртиясы Орталық
**палан** жолдас
қолшапалақта-
қ коммунистері
гіш халқының
туысқандық ре-
ды.
зор табыстары,

көшкініндей күшті овация үсті-үстіне үдей түсті. Бұл овация Сталиннің сөздерін тезірек естуге құмартқан тілек үстем болған кезде ғана әрең тоқталды...

Сталин жолдас сөзін өкілдері XIX съезге қатысып құрмет көрсеткен немесе съездің атына құттықтау хаттар жіберген барлық туысқан партияларға съездің атынан алғыс айтудан бастады; ұлы көсем олардың туысқандық құттықтауы мен сенім білдіргені үшін алғыс айтты, бұл сенім біздің партиямыздың халықтың сәулетті болашағы жолындағы күресінде, оның соғысқа қарсы, бейбітшілікті сақтау жолындағы күресінде оны қолдауға олардың әзір екендігін көрсетеді... Съезге қатысушылар көсемнің бұл сөздеріне ду қолшапалақтап жауап берді. Бұл қолшапалақтау Кремльдің орасан үлкен залының ол шеті мен бұл шетіне ұласып жаңғырығып тұрды.

Ұлы көсем: қуатты күшке айналған біздің партиямыз ендігі жерде шетелдердегі туысқан партиялардың, туысқан халықтардың қолдауын қажет етпейді деп ойлау қате болатындығын айтты; бұл қолдаудың ерекшелігі мынада: ол барлық халықтардың мүдделерімен ұштасып жатады.

Сталин жолдас туысқандық қолдауын

# *Партияның XIX съезінің қорытынды мәжлісінде К. Е. ВОРОШИЛОВ жолдастың сөйлеген сөзі*

Жолдастар!

Совет Одағының Коммунистік партиясының XIX съезі өзінің жұмысын аяқтады. Ленин—Сталин партиясының даңқты тарихында бұл съездің аса көрнекті орын алатынында күмән жоқ.

Совет халқы социализмнен коммунизмге бірте-бірте өтіп келе жатқан жағдайда жиналған бұл съезд партиямыздың күресі мен жеңістерінің қорытындысын шығарып, біздің бұдан былай алға басуымыздың перспективаларын белгілеп берді.

Съездің жұмысы партиямыздың өзінің сталиндік басшылығына күшті сенімінің, оның ұлы көсеміміз және ұстазымыз Сталин жолдасқа деген жалынды сүйіспеншілігі мен шексіз берілгендігінің айқын айғағы болды. **(Ду қолшапалақтау. Бәрі орындарынан тұрды).**

Съезд БК(б)П Орталық Комитетінің секретары Маленков жолдастың баяндамасын тыңдады, бұл баяндамада Орталық Комитеттің XVIII және XIX съездер арасындағы уақыт ішіндегі жұмысы туралы барлық жақты түгел қамтыған есебі беріліп, партияның алдағы уақыттағы міндеттері белгіленді. Съезд БК(б)П Орталық Комитетінің саяси бағыты мен практикалық жұмысын мақұлдаған қарарды асқан күшті жігермен қабылдады. **(Ұзақ қолшапалақтау).**

БК(б)П Орталық Комитетінің жұмысы туралы есепті баяндаманы талқылау Ленин—Сталин партиясының ұлы бірлігін, оның өзінің Орталық Комитетінің төңірегіне тығыз топтасқандығын және еңбекшілердің ең қалың бұқарасымен үзідіксіз байланысын тағыда айқын көрсетті.

Мемлекеттік Жоспарлау Комитетінің Председателі Сабуров жолдастың баянда-

жоспарын орындау жолындағы күресте партия аса зор табыстарға жетті.

Гитлерлік Германия және оның итаршылары Совет Одағына опасыздықпен шабуыл жасап, оның творчестволық еңбегін кідірткен кезде, Ленин — Сталин партиясы бастаған біздің халқымыз социалистік мемлекеттің экономикалық және соғыс қуатын, өз қатарының моральдық -саяси бірлігін, жалынды патриоттығын және социалистік Отанның бостандығы мен тәуелсіздігі жолында күресуге деген өзінің қайтпас еркін жауға қарсы қойды.

Герман фашизмімен жекпе-жек күресте нағыз жетілген советтік қарумен және қазіргі заманның алуан түрлі соғыс техникасымен жабдықталған, сталиндік мектептен тәрбие алған генералдар, адмиралдар және маршалдар басқарған Совет Одағының қарулы күштері социалистік революцияның аса ұлы стратегі және кемеңгер қолбасшысы Сталин жолдастың бастауымен, өзінің ерлігімен, жанын аямаған батырлығымен және нағыз әскери шеберлігімен Отанды өшпес даңққа бөледі. **(Ду қолшапалақтау).**

Жеңіске жетудің сталиндік соғыс ғылымы біздің армияларымыздың, майдандарымыздың және олардың штабтарының жоғарғы командалық құрамының қолында қаһарлы қару болды.

Совет қарулы күштері осы асқан тамаша қарудың көмегімен, сталиндік оперативтік-стратегиялық өнердің қазіргі уақытта классиктік үлгілері болған көптеген тарихи шайқастардың нәтижесінде толық жеңіске жетті, жау талқандалып, тізе бүкті. **(Ұзақ қолшапалақтау).**

Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін Отанымыздың халқы партия-

сайма-сай қарумен қарсы алуға әзірлігін мейлінше нығайта беруді өзінің аса маңызды міндеті деп есептеп келді және бұдан былай да есептейді.

Жолдастар! Біздің съезіміз қабылдаған қарарлар партияның алдында, бүкіл совет халқының алдында елімізде коммунизм орнату жолындағы игілікті бейбіт еңбектің жаңа, асқан ұлы болашағын ашып береді.

Съезд қабылдаған қарарлардың жүзеге асырылуы Советтік Отанды бұрынғыдан анағұрлым қуатты державаға айналдырып, демократия мен социализмнің бүкіл лагерін нығайту ісіне, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті баянды ету ісіне қосылған зор үлес болады.

Туысқан коммунистік және жұмысшы партиялары, барлық елдердің еңбекшілері, бүкіл прогресшіл адамзат біздің тәжрибемізге кеңеліп, бостандық және прогресс жолымен, бұрынғыдан да күшті сеніммен алға басады.

Партиямыздың XIX съезінің халықаралық ұлы маңызы міне осында.

Біздің ұлы ісіміздің барлық елдердің еңбекшілері үшін, бүкіл прогресшіл адамзат үшін маңызды екенін туысқан коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдерінің осында XIX съезді құттықтап сөйлеген сөздері айқын дәлелдейді.

Тарих Ленин —Сталин партиясына ұлы, игілікті борыш —біздің елімізде коммунистік қоғам орнатуды қамтамасыз ету, сөйтіп бүкіл адамзат үшін коммунизмге жол салу борышын жүктеді. **(Ұзақ қолшапалақтау).** Біздің алдымызда бір ғана жеңіс қуаныштары тұрмайтынын,

расына қарсы қантөгіс соғысқа итермелеп, ол соғысты ұйымдастырып отырғаны туралы айтты. Олар Бирманы Совет Одағына және Қытай Халық Республикасына қарсы агрессияның базасына айналдыруға тырысуда. Бірақ, деді шешен, империалистер өздерінің жоспарларын жүзеге асыра алмайды, өйткені коммунистік партия бастаған Бирма халқы қолына қару алып, өзінің ұлттық тәуелсіздігі жолында, халықтық демократия және бейбітшілік жолында күрес жүргізуде.

Шешен Бирма Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің XIX съезді құттықтаған хатын оқыды, бұл хатты делегаттар ұзақ, ду қолшапалақтап қарсы алды. Бәрі орындарынан тұрды.

Съезді құттықтау үшін Канаданың Жұмысшы прогрессшіл партиясы Атқару Комитетінің мүшесі **Лесли Моррис** жолдасқа сөз берілді. Делегаттар оны ду қолшапалақтап қарсы алды.

Осында болып, Совет Одағының қуатты Коммунистік партиясының табыстары мен ұлы жоспарларын есту,—деді ол. —өзіңнің айналаңда еңбек ерлерін, Отан соғысының батырларын көру, адамзат ертеден бері арман етіп келген коммунистік қоғамның құрылысын өз көзіңмен айқын көру, —бұл Совет Одағының ғана емес, сонымен қатар барлық халықтардың да болашағына көз жіберу деген сөз.

[...]уыр азап шегіп отырған адамзаттың [...]нды бейбітшілікке, ұлттық бостандыққа және халықтық демократияға жету жолын кемеңгер Иосиф Сталиндей айқын көрсетіп отырған дүние жүзінде бірде-бір адам жоқ. Совет халқының қалай өмір [...]пен қарсыласады. Баянды бейбітшілік, бостандық пен демократия жолындағы күресте, деді шешен, Индия халқының Совет Одағымен, Қытаймен, халықтық демократия елдерімен, бейбітшілік сүйгіш барлық халықтармен бірлесетін болуына біз қам жасаймыз.

Съезд делегаттары мен қонақтарының ұзақ, ду қолшапалақтауы үстінде Гопалан жолдас Индия мен совет халықтарының бірлігінің құрметіне, дүние жүзінің барлық еңбекшілерінің бірлігінің құрметіне, Совет Одағы Коммунистік партиясының және оның ұлы көсемі Сталин жолдастың құрметіне ұран салды.

Индия компартиясының делегаты сөзін аяқтағаннан кейін, Шығыс елінің дәстүрі бойынша әуелі залға қарап, одан кейін Президиумға қарап тәжім етті, ол мінбеден түскенде қатысушылар оған қолшапалақтады. Залда сәл тыныштық орнай қалды. Председательдік етуші:

—Сөз Сталин жолдасқа беріледі деп жариялады.

Ұлы көсем өзінің орнынан тұрып, байсалды, жай адыммен мінбеге қарай беттеді. Орасан зор овация жасалды. Залдағылар орындарынан тұрды. «Уралаған» күшті дауыстан Кремль сарайының қабырғалары сілкінгендей болды. Әртүрлі тілдерде құттықтаған ұрандар айтылып жатты. Совет адамының жүрегін кернеген сезімдердің бәрі, коммунистің бойындағы ең ардақты нәрселердің бәрі партияның өзінің көсеміне деген теңіздей шалқыған шексіз сүйіспеншілігі мен берілгендігін білдіретін осы овациядан айқын көрінді. Бір минут, екі, үш... минут өтті. Тау [...]тығы болатын. Кәзір ол ұлттық суверенитетті американ долларына сатуда. Сондықтан да Сталин жолдас туысқан партиялардың өкілдеріне қарап, ұлттар бостандығының туын, егер олар ұлттардың басшы күші болғысы келсе, солардың көтеріп, алға апаруына тура келетінін атап көрсетті. Бұл сөздерге жауап ретінде тағыда күшті қолшапалақталды.

Сталин жолдастың:

—Біздің туысқан партиялар жасасын!

—Туысқан партиялардың басшылары ұзақ өмір сүріп, көп жасасын!

—Халықтар арасындағы бейбітшілік жасасын!

—Соғыс өртін тұтандырушылар жойылсын!

деген қорытынды сөздеріне съездегілер ұзақ, ду қолшапалақтады. Съезд делегаттары мен қонақтар Сталин жолдастың құрметіне орасан күшті овация жасады.

Ворошилов жолдас қорытынды сөз сөйледі.

Председательдік етуші 22 сағат 25 минутта Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезі жабылды деп жариялады. **Ду қолшапалақтау. Бәрі орындарынан тұрды. «Сталин жолдасқа —ұра!, «Ұлы Сталиннің даңқы арта берсін!» деген ұрандар айтылды. Съездің делегаттары мен қонақтар зор жігермен партиялық гимн — «Интернационалды» айтты. Ұлы Сталиннің құрметіне тағыда ду овация жасалды. Залдың барлық түкпірлерінен көптеген тілдерде сүйікті көсеміміз және ұстазымыз ұлы Сталинді құттықтаған ұрандар айтылды.**

(СОТА).

# Шексіз жігер тудыратын сезімдер

ЛЕНИНГРАД. 16 октябрь. (СОТА). Шаттық, мақтаныш, қайнаған жігер— И. В. Сталин жолдастың партияның XIX съезінің қорытынды мәжлісінде сөйлеген сөзімен, съездің тарихи қарарларымен танысқан Ленинград ғалымдарының бойын билеген сезімдер, міне, осындай. Бұл сезімдер шексіз жігер тудырады.

—Партияның XIX съезі совет халқының коммунизмге қарай алға басқан жемісті жолындағы даңқты кезеңнің бірі болып тарихқа кіреді, —деп мәлімдеді ССРО Ғылым Академиясының мүше- корреспонденті, орыстың қарт электротехнигі профессор М. А. Шателен. — Сталин жолдастың сөзі біздің әрқайсымызды қатты сүйсіндіреді. Замандар ішіндегі аса ұлы заманда, барлық халықтарға сәулетті болашаққа жету жолын көрсетіп отырған еңбекшілердің кемеңгер көсемі— Сталиннің заманында өмір сүріп отырғанымызды білудің өзі зор қуаныш.

ССРО ғылым Академиясының мүшекорреспонденті профессор М. Ф. Алексеев былай деп мәлімдеді: партияның XIX съезінің қарарлары, И. В. Сталин жолдастың тіл білімі мәселелері жөніндегі және ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары жөніндегі данышпандық еңбектері ғылымның жолына, совет халқының және бүкіл адамзаттың жолына жарық нұр төгеді.

«Совет Одағының Коммунистік партиясының программасын қайта жасау туралы» қарарда съезд партияның кәзіргі программасын қайта жасау қажет деп тапты. Программаны қайта жасау жөнінде съезд құрған комиссия Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген жаңа данышпандық шығармасының негізгі қағидаларын басшылыққа алатын болады. Осы сталиндік еңбектің идеялары біздің коммунизмнің толық жеңісіне қарай алға басқан жолымызды айқын көрсетеді. **(Ұзақ қолшапалақтау).**

Партиялық, шаруашылық және мәдени құрылыстың аса маңызды мәселелерін талқылап, бұл мәселелер бойынша тарихи қарарлар қабылданғаннан кейін, съезд партияның басшы органдарын — Орталық Комитетті және Орталық Тексеру Комиссиясын сайлады.

Жаңадан сайланған Орталық Комитет орасан бай тәжрибемен және коммунистік құрылыстың сталиндік ғылымымен қаруланып, съездің қарарларын орындау жұмысына кіріседі. Сталин жолдас бастаған партияның Орталық Комитеті Отанымыздың аса ұлы міндеттерінің ойдағыдай жүзеге асырылуын қамтамасыз ететінін партия біледі. **(Ұзақ, ду қолшапалақтау).**

Съездің делегаттары және біздің қымбатты қонақтарымыз орасан зор ынта қойып тыңдаған Сталин жолдастың сөзі күрес пен жеңістің ұлы программасы болады. Біздің көсеміміз және ұстазымыз Сталин жолдастың сөйлеген сөзі барлық совет адамдары үшін, барлық елдердің еңбекшілері үшін олардың халықтар арасындағы бейбітшілік жолындағы, соғыс өртін тұтандырушыларға қарсы игілікті күресінде қимыл етуге жігерлендіруші басшылық болады. **(Ұзақ, ду қолшапалақтау).**

Жолдастар! Партияның XVIII съезі мен XIX съезінің арасында тарихи тұтас кезең жатыр. Бүкіл дүниежүзілік маңызы бар зор оқиғаларға неғұрлым толы осы дәуірден басқа дәуірді тарих білмейді.

Бұл дәуірдің бас кезінде, өздеріңізге мәлім, сталиндік үшінші бесжылдықтың

мен бірге біртұт[...]
сып келеміз. Д[...]
дыңғы қатарлы [...]
ры бізге тілект[...]
дап отыр. Біздің[...]
нің бұғауын та[...]
болашақтағы ұр[...]
қытты тұрмыс [...]
астына топтасқа[...]
йым адамдардың[...]

Капитализмнің[...]
жағдай мүлде ө[...]

Капиталистік [...]
ғы қайшылықта[...]
шиеленісіп, елде[...]
лықтар күшеюде[...]
кризистің қатері[...]
нуде, жұмыссыз[...]
рігі —еңбекшіле[...]
шылануы үздікс[...]

Американ им[...]
қорғап қалушын[...]
бүкіл жер шары[...]
терді біріктіруге,[...]
тиялық лагерьде[...]
жүзілік жаңа со[...]
осы жолмен дүн[...]
туға үміттенуде.

Ленин —Стал[...]
вет адамдары ба[...]
ліктің жүздеген [...]
мен бірге, бүкіл [...]
ниетті адамдарым[...]
бейбітшілігі, тәу[...]
жолында күресіп [...]
қытта да қажым[...]

Біздің партиям[...]
кіл совет халқы[...]
тап, бейбітшілік [...]
байлап отырғанд[...]
күшпен қуаттал[...]

Бұдан Совет м[...]
селелеріне біздің [...]
нут болса да бә[...]
ұғым тумайды.

Біздің партиям[...]
вет халқы социа[...]
ныс қаблетін қам[...]
адамдарының қан[...]

# ...ЫНЫҢ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ
# УСТАВЫ

...рдың

... дұрыс іріктеп
... ұлжытпай жү-
...етті. Бұл нұс-
...рлерді тамыр-
...ендігіне, жер-
... карап іріктеп
...лумен сыйыс-

...әселелерін пар-
...есе партия бас-
...рлікпен талқы-

...нда партияныч
... да сынауға

...сайлауға және

...лығы туралы
...н реттердің бә-
...алап етуге пра-

...не қандай арыз
... инстанциянын
... Одағының Ком-
...талық Комитеті-
...ге праволы.
...лу тек жеке-
...ша ғана жүргі-
...іленген канди-
... кандидаттардан
...не саналы, бел-
...рілген жұмыс
...игенттер алы-

...ған адамдар

... мүшелігіне алу

шығару туралы немесе кандидаттыққа көшіру туралы карар қабылдай алмайды.

Одақтас республика компартиясының Орталық Комитетінің, партияның өлкелік комитетінің, облыстық комитетінің, округтік комитетінің, калалық комитетінің, аудандық комитетінің мүшесін партия комитетінің құрамынан шығару, сол сыяқты партия мүшелігінен шығару немесе кандидаттыққа көшіру туралы мәселе, пленум дауыстың үштен екі бөлегімен мұны қажет деп тапқан күнде, тиісті комитеттің пленумында шешіледі.

12. Совет Одағы Компартиясының Орталық Комитетінің мүшесін Орталық Комитеттің құрамынан шығару, сол сыяқты партия мүшелігінен шығару немесе кандидаттыққа көшіру туралы мәселе партия съезінде, ал, съездер аралығында— Совет Одағы Компартиясының Орталық Комитетінің Пленумында Орталық Комитет Пленумы мүшелерінің үштен екі көпшілігімен шешіледі. Орталық Комитеттің мүшелігіне кандидаттар сайлау кезінде съезд тағайындаған тәртіп бойынша, Орталық Комитеттің мүшелігіне кандидат Орталық Комитеттен шығарылған адамның орнына өз- өзінен мүше болады.

13. Партия мүшесі сот жолымен жазаланатын жазық істеген реттерде, ол партиядан шығарылып, оның жазығы әкімшілік және сот орындарына хабар етіледі.

14. Партиядан шығару туралы мәселені шешерде барынша сақтық істеу, жолдастық қамқорлық жасау, партия мүшесіне тағылған айыптардың дәлелді-дәлелсіздігін мұқыят тексеру қамтамасыз етілуге тиіс.

Жеңіл-желпі жазығы үшін партиялық жазаның ең жоғары шарасы болып табылатын партиядан шығару емес, партиялық тәрбие және партиялық ықпал шаралары (бетіне басу, сөгіс жариялау, т. т.) қолданылуға тиіс.

Қажетті болған реттерде партиялық жаза шарасы ретінде партия ұйымы партия мүшесін бір жылдық мерзімге дейін кандидаттыққа көшіре алады. Бастауыш партия ұйымының партия мүшесін кандидаттыққа көшіру туралы қарарын партияның аудандық комитеті немесе қалалық комитеті бекітуге тиіс. Кандидаттыққа көшірілген адам белгіленген мерзім өткеннен кейін партияның мүшелігіне жалпы ереже бойынша қабылданады және оның бұрынғы партиялық стажы сақталады.

15. Партиядан шығарылғандардың апелляцияларын, ал сонымен қатар партия ұйымдарының оларды партиядан шығару туралы қаулыларын тиісті партия органдары апелляциялар мен қаулылардың түскен күнінен бастап жыйырма күн мерзімнен кешіктірмей қарайтын болуға тиіс.

## II. Партия мүшелігіне кандидаттар

16. Партияға кіргісі келген адамдардың бәрі кандидаттық стаждан өтеді. Бұл — партияның программасымен, Уставымен, тактикасымен кандидаттың танысуы үшін және кандидаттың жеке басының сапасын партия ұйымының байқауын қамтамасыз етуі үшін қажет.

17. Кандидаттыққа алу тәртібі (жеке-

болса, оның себептерін партия ұйымы дәлелді деп тапса, бастауыш партия ұйымы оның кандидаттық стажын әрі дегенде бір жыл мерзімге ұзарта алады. Ал кандидаттық стаждан өту уақытында партия кандидаты өз басының сапасы жағынан партия мүшелігіне алынуға лайықсыз екендігі анықталған реттерде, партия

а) партияның Орталық Комитетінің, Орталық тексеру комиссиясының тағы басқа орталық ұйымдардың есептерін тыңдап, бекітеді;

б) партияның программасы мен Уставын қайта қарайды, өзгертеді;

в) күнделікті саясаттың негізгі мәселелері жөнінде партияның тактикалық жолын белгілейді;

г) Совет Одағы Компартиясының Орталық Комитеті мен Орталық тексеру комиссиясын сайлайды.

32. Партияның Орталық Комитеті мен Орталық тексеру комиссиясы съезд белгілейтін құрамда сайланады. Орталық Комитеттің мүшелері шығып қалса, оның құрамы съезд сайлаған кандидаттармен толықтырылады.

33. Совет Одағы Компартиясының Орталық Комитеті кемі алты айда бір рет пленум мәжлісін өткізеді. Орталық Комитет мүшелігіне кандидаттар Орталық Комитет пленумының мәжлістеріне кеңесші дауыс правосымен қатысады.

34. Совет Одағы Компартиясының Орталық Комитеті съездердің аралығында Орталық Комитеттің жұмысына басшылық ету үшін— Президиум, ал күнделікті жұмысқа, ең алдымен партия қарарларының орындалуын тексеру және кадрларды іріктеп алу жұмысына басшылық ету үшін,— Секретариат ұйымдастырады.

35. Совет Одағы Компартиясының Орталық Комитеті Орталық Комитеттің жанынан Партия Бақылау Комитетін ұйымдастырады.

Партияның Орталық Комитеті жанындағы Партия Бақылау Комитеті:

а) партия мүшелері мен кандидаттарының партиялық тәртіпті сақтауын тексеріп отырады, партияның программасы мен Уставын бұзу, партиялық және мем-

өлкелік және облыстық партия комитеттерінің қарарларына берілген апелляцияларды қарайды;

в) республикаларда, өлкелерде және облыстарда оның жергілікті партия органдарынан тәуелсіз уәкілдері болады.

36. Совет Одағы Компартиясының Орталық Комитеті съездердің аралығында партияның барлық жұмысына басшылық етеді, өзге партиялармен, ұйымдармен, мекемелермен қатынас жасағанда партия атынан өкілдік етеді, партияның түрлі мекемелерін ұйымдастырады және олардың жұмысына басшылық етеді, өзінің бақылауымен істейтін орталық органдарының редакцияларын тағайындайды, жергілікті ірі ұйымдардың партиялық органдарының редакцияларын бекітеді, қоғамдық маңызы бар кәсіпорындарды ұйымдастырады, оларды басқарады, партияның күші мен қаражатын бөліп отырады, орталық кассаны басқарады.

Орталық Комитет орталық совет және қоғам ұйымдарының жұмыстарына олардағы партия топтары арқылы бағыт беріп отырады.

37. Басшылықты және саяси жұмысты күшейту мақсатымен, партияның Орталық Комитеті социалистік құрылыстың халық шаруашылығы мен бүкіл еліміз үшін ерекше зор маңызы бар жеке участоктерінде саяси бөлімдер құруға және Орталық Комитеттің партия ұйымдастырушыларын белгілеп отыруға, сол сыяқты саяси бөлімдер өздерінің міндеттерін атқарғаннан кейін, —оларды ажыратуға немесе өндірістік- территориялық ыңғаймен құрылған дағдылы партия органдарына айналдыруға праволы.

Саяси бөлімдер Орталық Комитет бекітетін ерекше нұсқаулар бойынша жұмыс істейді.

38. Совет Одағы Компартиясының Ор-

тәртіпті сақтауға міндетті. Партияда екі тәртіп —басшыларға арналған бір тәртіп, қатардағыларға арналған екінші тәртіп болу мүмкін емес. Партияның барлық коммунистер үшін, бұлардың сіңірген еңбегі мен қызмет орнына қарамастан, бір ғана тәртібі, бір ғана заңы бар. Партиялық және мемлекеттік тәртіпті бұзу партияға зиян келтіретін үлкен күнә болып табылады, сондықтан мұның өзі партияның қатарында болумен сыйыспайды;

ж) төменнен болатын өзара сын мен сынды өрістетіп отыруға, жұмыстағы кемшіліктерді ашып отыруға және ол кемшіліктерді жойып отыруға, даурықпалы жайбарақаттық пен жұмыстағы табыстарға мастануға қарсы күресіп отыруға міндетті. Сынға қысым жасау ауыр күнә болып табылады. Кімде-кім сынды тұншықтырса, оны даурықпа мен мадаққа айналдырса, ол партияның қатарында бола алмайды;

з) жұмыстағы кемшіліктер туралы басшы партия органдарына, тура партияның Орталық Комитетіне дейін, ешкімнің бетжүзіне қарамастан, хабарлап отыруға міндетті. Істегі нашар жағдайды жасыруға, партия мен мемлекеттің мүдделеріне зиян келтіретін теріс қыймылдарды елемеуге партия мүшесінің правосы жоқ. Кімде-кім партия мүшесінің бұл міндетін орындауға кедергі жасаса, партияның еркін бұзушы ретінде қатаң жазалануға тиіс;

и) партияның алдында шыншыл, адал болуға міндетті, шындықты жасыруға, бұрмалауға жол бермеуге міндетті. Коммунистің партия алдында шыншыл болмауы және партияны алдауы өте ауыр күнә болып табылады және партия қатарында болумен сыйыспайды;

к) партиялық және мемлекеттік құпияны сақтауға, қырағылық коммунистерге қай участокте және қандай жағдайда болса да керек екендігін есте ұстай отырып, саяси қырағылық көрсетіп отыруға міндетті. Партиялық және мемлекеттік құпияны жариялау партия алдында қылмыс жасағандық болып табылады және оның қатарында болумен сыйыспайды;

л) партия тапсырған қандай қызметте болса да, партияның кадрларды саяси жә-

жауапты.

7. Кандидаттардан партия мүшелігіне алынушылардың партиялық стажы тиісті бастауыш партия ұйымының жалпы жыйналысының сол жолдасты партия мүшелігіне бекіту туралы қаулы алған күнінен бастап саналады.

8. Бір партия ұйымының әрбір мүшесі екінші ұйымның істейтін жеріне көшкенде соңғы ұйым оны өз мүшелерінің қатарына қосады.

Е с к е р т у. Партия мүшелерінің бір ұйымнан екінші ұйымға көшуі Совет Одағы Компартиясының Орталық Комитетінің белгілеген ережелеріне сәйкес жүргізіліп отырылады.

9. Дәлелсіз себептермен үш ай бойына мүшелік жарна төлемеген партия мүшелері мен кандидаттары партиядан өз-өзінен шығып қалған болып есептеледі, бұл туралы бастауыш партия ұйымы тиісті қаулы алады, ол қаулыны партияның аудандық комитеті немесе қалалық комитеті бекітеді.

10. Коммунисті партиядан шығару туралы мәселе сол шығарылатын адам мүше болып тұрған бастауыш партия ұйымының жалпы жыйналысында шешіледі және оны партияның аудандық комитеті немесе қалалық комитеті бекітеді. Аудандық комитеттің немесе қалалық комитеттің партиядан шығару туралы қарары партияның облыстық комитеті, өлкелік комитеті немесе Одақтас республика компартиясының Орталық Комитеті бекіткен күнде ғана күшіне кіреді.

Партиядан шығару туралы қарарды облыстық комитет, өлкелік комитет немесе Одақтас республика компартиясының Орталық Комитеті бекіткенге дейін партия билеті партия мүшесінің қолында қалады және ол партияның жабық жыйналыстарына қатынасып жүруіне правосы болады.

11. Егер коммунист Совет Одағы Компартиясының Орталық Комитетінің, Одақтас республика компартиясының Орталық Комитетінің, партияның өлкелік комитетінің, облыстық комитетінің, округтік комитетінің, қалалық комитетінің, аудандық комитетінің мүшесі болса, бастауыш партия ұйымы оны партиядан

саналады, немесе жұмыстың бүкіл бір саласын қамтыйтын партия ұйымы жұмыстың осы саласының жеке бөлектерін қамтыйтын барлық партия ұйымдарына жоғарғы ұйым болып саналады.

23. Партия ұйымдарының бәрі жергілікті мәселелерді партия қарарларына қайшы келтірмей өз тұсынан шешуге ерікті.

24. Партияның әрбір ұйымының ең жоғарғы басшы органы —жалпы жыйналыс (бастауыш ұйымдар үшін), конференция (мысалы, аудандық, облыстық ұйымдар үшін), съезд (Одақтас республикалардың компартиялары үшін, Совет Одағы компартиясы үшін).

25. Жалпы жыйналыс, конференция немесе съезд бюро немесе комитет сайлайды, бұлар олардың атқарушы органы болып табылады және ұйымның күнделікті жұмысының бәріне басшылық етеді.

26. Партия органдарын сайлағанда тізіммен дауысқа салуға рұқсат етілмейді. Әрбір кандидатура дауысқа жеке- жеке қойылуға тиіс, оның бер жағында кандидаттарға партияның барлық мүшелерінің қарсылық білдіру және оларды сынау правосына шек қойылмауы қамтамасыз етіледі. Сайлау кандидаттарға дауысты жабық (жасырын) беру жолымен жүргізіледі.

27. Қалаларда және аудан орталықтарында партия мен үкметтің аса маңызды қарарларын талқылау үшін қалалық және аудандық партия ұйымдарының акти-

лігіне дегенін істетуге тырысуына немесе партия бірлігін бұзатын фракциялық жіктер құруға тырысушылыққа, социалистік құрылыстың күші мен табандылығын шайқалтатын бөлінушілік туғызуға тырысушылыққа әкеліп соқпайтындай болып ұйымдастырылуға тиіс.

Бүкіл одақ көлеміндегі кең дискуссия тек мынадай жағдайларда ғана қажет деп танылуы мүмкін:

а) мұны, ең кемінде, партияның облыстық, республикалық көлемді бірнеше жергілікті ұйымдары қажет деп тапқан күнде ғана;

б) партия саясатының аса маңызды мәселелері жөнінде Совет Одағы Компартиясының Орталық Комитеті ішінде жеткілікті берік көпшілік болмаған күнде ғана;

в) Орталық Комитеттің ішінде белгілі пікірде берік көпшілік бола тұрса да, Орталық Комитет сонда да өз саясатының дұрыстығын партия ішіндегі дискуссиялық талқылау арқылы тексеруді керек деп тапқан күнде ғана қажет деп танылуы мүмкін.

Тек осы шарттарды орындаған күнде ғана партияның ішкі демократиясына антипартиялық элементтердің қиянат жасауынан партияны сақтандыруға болады, тек осы жағдайларда ғана партияның ішкі демократиясы іске пайда келтіреді деп және партияға, жұмысшы табына зиян келтіру үшін пайдаланылмайды деп сенуге болады.

## IV. Партияның жоғарғы органдары

29. Совет Одағының Коммунистік партиясының жоғарғы органы —партияның съезі. Кезекті съездер әрі дегенде төрт жылда бір рет шақырылады. Төтенше съездер партияның Орталық Комитетінің өз инициативасы бойынша немесе партияның соңғы съезіне өкіл жіберген барлық мүшелерінің кемі үштен бірінің талабы бойынша шақырылады. Партия съезінің шақырылуы және оның күн тәртібі кем дегенде съезден бір жарым ай бұрын жарияланады. Төтенше съездер екі айлық мерзім ішінде шақырылады.

Съезд соңғы кезекті съезге өкіл жіберген барлық партия мүшелерінің кемінде тең жартысы өкілдер жібергенде ғана заңды болып саналады.

Партия съезіне өкілдік нормасын Орталық Комитет белгілейді.

30. Партияның Орталық Комитеті төтенше съезді 29-шы пунктте көрсетілген мерзімде шақырмаған күнде, төтенше съезді шақыруды талап еткен ұйымдар партияның Орталық Комитетінің төтенше съезді шақыру жөніндегі правосымен пайдаланатын ұйымдастыру комитетін құруға правосы.

31. Съезд:

ұйымдардағы мү...
ның 1/3-нің та...
рылады.

Облыстық, ...
Одақтас респу...
съезіне өкілдік ...
митет, өлкелік ...
лика компартия...
белгілейді.

Облыстық, өл...
тас республика ...
облыстық, өлкел...
республика ко...
Комитетінің, тек...
не басқа облыст...
лық ұйымдардын...
тыңдап, бекітеді...
месе республика...
руашылық, кәсі...
лелерін талқыла...
митетті, өлкелік ...
публика компарт...
тетін, тексеру ко...
Одағының Комму...
зіне делегаттар с...

42. Облыстық...
Одақтас республ...
ның Орталық К...
адамнан аспайты...
гандар, соның іш...
ды, секретарьлар...
Комитеті бекітеді...
тиялық стаж кем...
шарт.

Партияның об...
өлкелік комитетт...

## VI. ...

46. Округтері...
лердің, республи...
округтік партия ...

Округтік парт...
органы —округт...
бір жарым жылд...
округтік партия ...
руртік комитетті...
се округтік ұйы...
мүшелердің жал...
лап етуі бойынш...
ше конференция.

Округтік конф...
теттің, тексеру к...
қа округтік парт...

# ң Коммунистік партиясының
# СТАВЫ

инизмді үйрену
рады, еңбекші-
ле беру жөніндегі
ы, өзінің басшы-
ымен жұмыс іс-
органының редак-
округтік совет жә-
жұмысына олар-
рқылы бағыт бе-
аңызы бар өз кә-
ырып отырады,
ияның күші мен
ды, округтік пар-
ı.

## андық
## дары

истердің есебін
ия директивала-
н мен өзара сын-
коммунистердің
рухында тәрбие-
отырады, пар-
н кандидаттары-
измді үйренуін
ı, еңбекшілерге
у жөніндегі жұ-
басшылығымен
ыс істейтін қала-
органының редак-
қалалық, аудан-
ұйымдарының жұ-
ия топтары арқы-
ı, қала мен аудан
ың күші мен қара-
қалалық, аудан-
басқарады. Қала-
облыстық коми-
ке, Одақтас рес-
ың Орталық Коми-
лық Комитеті бел-

партия ұйымдарының ролін арттыру үшін және кәсіпорындар жұмысының жайына олардың жауапкершілігін күшейту үшін бұл ұйымдарға кәсіпорын администрациясының жұмысын бақылау правосы беріледі.

Совет мекемелерінің жұмыс жағдайлары айрықша болғандықтан, министрліктердің партия ұйымдары бақылау ісін жүргізе алмайды, олар мекеменің жұмысындағы кемшіліктер туралы білдіріп отыруға, министрліктің және оның жеке қызметкерлерінің жұмысындағы кемшіліктерді көрсетіп отыруға міндетті және өздерінің материалдары мен пікірлерін Орталық Комитетке және министрліктің басшыларына жіберіп отыруға міндетті.

Министрліктердің бастауыш партия ұйымдарының секретарьларын партияның Орталық Комитеті бекітеді.

Министрліктің орталық аппаратының коммунист- қызметкерлерінің бәрі жалпы министрліктік бір партия ұйымында болады.

59. Күнделікті жұмысын жүргізіп отыру үшін бастауыш партия ұйымы бір жылға көп дегенде құрамы 11 адамнан бюро сайлайды.

Бастауыш партия ұйымдарының бюросы кемінде 15 партия мүшесі бар партия ұйымдарында құрылады.

Партия мүшелерінің саны 15-тен кем партия ұйымдарында бюро құрылмайды, бастауыш партия ұйымының секретары сайланады.

Партия мүшелерін коллективтік басшылық ету рухында тез өсіру және тәрбиелеу мақсатымен берісі 15, әрісі 100 партия мүшесі бар цехтық партия ұйымдарына құрамы 3-тен 5 адамға дейін, ал партия мүшелері 100 адамнан асатын цехтық ұйымдарда 5-тен 7 адамға дейін цехтық партия ұйымының бюросын сайлау правосы беріледі.

Саны 100-ден аспайтын партия мүшелерін біріктіретін бастауыш партия ұйымдарында партия жұмысын, әдетте, өндірістегі жұмысынан босатылмаған қызметкерлер жүргізіп отырады.

Бастауыш және цехтық партия ұйымдарының секретарьлары үшін партиялық стаж кемінде бір жылдық болуы шарт.

## IX. Партия және комсомол

60. БЛКЖО өзінің жұмысын Совет Одағының Коммунистік партиясының басшылығымен жүргізеді. БЛКЖО Орталық Комитеті, комсомолдың басшы органы бола отырып, Совет Одағы Компартиясының Орталық Комитетіне бағынады. БЛКЖО-ның жергілікті ұйымдарының жұмысына тиісті республикалық, өлкелік, облыстық, қалалық және аудандық партия ұйымдары бағыт беріп, бақылап отырады.

61. Партияға мүше немесе кандидат болған БЛКЖО мүшелері, егер олар комсомол ұйымдарында басшы қызметте болмаса, партияға кірген кезінен бастап комсомолдан шығады.

циалистік құрылыстың барлық саласында, әсресе, бастауыш партия ұйымдары жоқ жерлерде, партия директиваларын іс жүзінде белсене жүзеге асырушылар болуға тиіс.

63. Кәсіпорынның, колхоздың, совхоздың, мекеменің ісіндегі кемшіліктерді жою міндетімен байланысты және олардың жұмысын жақсартуда, социалистік жарысты ұйымдастыруда, көпшілік науқандарды, тағы басқаларды өткізуде қажетті көмек беру міндетімен байланысты олардың жұмысының барлық мәселелерін талқылау және тиісті партия ұйымдары-

# ОБЛЫС ЕҢБЕКШІЛЕРІ СЪЕЗДІҢ ТАРИХИ ҚАРАРЛАРЫН АСҚАН ЗОР ҚУАНЫШПЕН ҚАРСЫ АЛДЫ

☆ ☆



Партия съезінің қарарлары облыс еңбекшілерін жаңа табыстарға жетуге жігерлендіруде.

СУРЕТТЕ: съезд құрметіндегі социалистік жарыстың озаттары: (солдан оңға қарай) шойын құю заводының үлгі құюшысы Нина **Вишнякова**, Ленин авторотасының стахановшы шоферы **С. Сова** жолдастар.

**Суретті түсірген А. Розенштейн.**

## Тарихи документ

Партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің жаңа бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларында егін шаруашылығының мәдениетін батыл жақсартып,

зябь жырту қарқынын арттырып, күндік норманы үнемі орындап келеді.

Бұл күндері бригада механизаторлары партияның XIX съезінің қарарларын аб-

55. Партияның мүшелері мен кандидаттары 100-ден асатын кәсіпорындарда, мекемелерде, колхоздарда және басқа сондай орындарда бүкіл кәсіпорнын, мекемені, тағы сондай орындарды қамтыйтын жалпы бастауыш партия ұйымының ішінен, әрбір жеке ретте аудандық комитеттің, қалалық комитеттің, немесе тиісті саяси бөлімнің бекітуімен, цехтарда, участоктерде, бөлімдерде тағы сондай орындарда партия ұйымдарын құруға болады.

Цехтық, участоктік, тағы сондай ұйымдардың ішінен, сонымен қатар мүшелері мен кандидаттарының саны 100-ге жетпейтін бастауыш партия ұйымдарының ішінен кәсіпорынның бригадаларында, агрегаттарында партия топтарын құруға болады.

56. Партия мүшелері мен кандидаттарының саны 300-ден асатын ірі кәсіп-

...

практикалық жұмысына көмектесу;

д) кәсіпорындарда, совхоздарда, колхоздарда және басқа сондай орындарда бұқараны өндіріс жоспарын орындауға, еңбек тәртібін нығайтуға және социалистік жарысты күшейтуге жұмылдыру;

е) кәсіпорындарда, совхоздарда, колхоздарда салақтыққа, істі ұқыпсыз жүргізушілікке қарсы күресу және жұмысшылардың, қызметшілердің, колхозшылардың мәдени- тұрмыс жағдайларын жақсартудың күнбе- күн қамын ойлап отыру;

ж) сын мен өзара сынды өрістету және коммунистерді кемшілікке төзбеушілік рухында тәрбиелеу;

з) елдің экономикалық және саяси тұрмысына белсене қатынасу.

58. Өндірістік және сауда кәсіпорындарының, соның ішінде совхоздардың, колхоздардың және МТС-тердің бастауыш

...

күшейту және партияның саясатын жүзеге асыру, партиялық және мемлекеттік тәртіпті нығайту, бюрократизмге қарсы күресу, партия және совет директиваларының орындалуын тексеру. Күнделікті

...

Топтар барлық мәселе жөнінде басшы партия органдарының қарарларын бұлжытпай және мүлтіксіз басшылыққа алып отыруға міндетті.

## XII. Партияның ақша қаражаты

69. Партияның және оның ұйымдарының ақша қаражаты мүшелік жарналардан, партия кәсіпорындарының кірістерінен және басқа түсімдерден құралады.

70. Партияның мүшелері мен кандидаттары үшін ай сайынғы мүшелік жарналар мынадай мөлшерде белгіленеді (табысынан процент есебімен):

| | |
|---|---|
| Табысы айына 500 сомнан аспайтындар | 1/2 процент төлейді. |
| Табысы айына 500 сомнан артық, бірақ 1000 сомнан аспайтындар | 1 процент төлейді. |
| Табысы айына 1001 сомнан 1500 сомға дейінгілер | 1 1/2 процент төлейді. |
| Табысы айына 1501 сомнан 2000 сомға дейінгілер | 2 процент төлейді. |
| Табысы айына 2000 сомнан асатындар | 3 процент төлейді. |

71. Кандидаттыққа кірердегі кіріс жарна айлық табыстың 2% мөлшерінде төленеді.

## Біздің еліміз — дүние жүзі халықтары үшін ұлы үлгі

И. В. Сталин жолдастың партияның XIX съезінің қорытынды мәжлісінде сөйлеген тарихи сөзін Дзержинский атындағы «Трехгорная мануфактура» комбинатының коллективі асқан зор жігермен қарсы алды. Тоқыма, жіп иіру және әсемдеу фабрикаларының барлық цехтарында көсемнің сөзі дауыстап оқылды.

Қарт тоқымашы М. И. Королева былай деді:

—Партияның XIX съезінің қарсаңында жарияланған Сталин жолдастың «СССР-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегі және Сталин жолдастың съезде сөйлеген сөзі біздің —совет адамдарының ғана емес, сонымен қатар, дүние жүзінің барлық халықтарының жолын жарқыратып, нұрландырды. Біз, тоқымашылар, дүние жүзінің барлық халықтары үшін ұлы өнеге болып табылатын елімізде коммунизм орнату ісіне өзіміздің барлық күшімізді жұмсаймыз.

Жас стахановшы Галина Лузина жалынды сөз сөйледі.

—Біздің әкелеріміз бен аналарымыз,— деді ол, —біздердің творчестволық еңбек етуімізге, білім алуымызға, дем алуымызға право алып берді.

Мен сегіз станокте істеймін және сонымен қатар, тоқыма техникумының екінші курсында оқыймын. Патшалық Россия тусында тоқымашы мұны арман ете алған да жоқ еді!

Тек мінсіз сапалы өнім шығара отырып, мен коммунизм орнатудың ұлы ісіне өз үлесімді қосуға ұмтыламын.

Жіп иіру фабрикасында болған әңгіме кезінде жұмысшылар Попова мен Сорокина жолдастар сөз сөйледі. Олар совет халқын коммунизмге тура бастап келе жатқан Совет Одағының Коммунистік партиясының саясатын қызу мақұлдады. Жұмысшы әйелдер бұрынғыдан да жақсы істеп, тек мінсіз сапалы өнім шығаруға уәде берді.

Көп станокшы тоқымашылар Галина Устинова, Варвара Федорова, Мария Исаева, Зоя Яркова, Валентина Фомина, Мария Бубнова, Нина Королева, Галина Зыбина 15 және 16 октябрьде жоспардан тыс жүздеген метр мінсіз сапалы мата тоқыды. (СОТА).

## Туысқан партияның даңқы арта берсін, сүйікті Сталиннің даңқы арта берсін!

КИЕВ, 16 октябрь. (СОТА). Жұмысшылар, ғалымдар, искусство қайраткерлері, қызметшілер, студенттер —Украина астанасының барлық еңбекшілері Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезінің материалдарын зор ынтамен оқуда. Барлық жерде де қызу әңгіме өткізілуде. И. В. Сталин жолдастың партия съезінің қорытынды мәжлісінде сөйлеген тарихи сөзі киевтіктердің ұлы қуанышын тудырды.

...Киевтің Сталиннің есімімен аталатын кеме жөндеу және кеме жасау заводы. Бүгін жұмысшылардың көбі заводқа күндегіден ерте келді. Олар цехтарға, қызыл мүйістерге, завод алаңына жыйналып, Сталиннің жігерлі сөздері, съездің қарарлары туралы ойларын айтып, өзара пікір алысуда.

Құрметті вахтаға тұрған күндерде үш кеменің мерзімінен бұрын суға түсірілген құрылыс алаңына электросварщиктер, котельшілер, ағаш шеберлері жыйналды. Стахановшы- котельші Пономаренко жолдас былай деді:

—Партия съезінің материалдарын оқығанында жаның сүйсінеді. Шынында жаңа бесжылдықта белгіленген істердің бәрі Отанның көркейе беруін, совет адамының қамын көздейді. Партия біздің жақсы, бай, мәдениетті тұрмысымыз үшін күресуде. Туысқан партияның даңқы арта берсін, сүйікті Сталиннің даңқы арта берсін!

Электросварщик Шумейко жолдас өз ойын айтты.

—Ұлы Сталиннің сөздері сондай тамаша, данышпандық сөздер. Бұл сөздер туысқан партиялардың соғысқа қарсы, бейбітшілік, бостандық пен демократия жолындағы күресінің жолын жарық күннің сәулесіндей жарқыратады. Сталиндік заманда өмір сүріп, еңбек ету зор бақыт.

«Большевик», «Транссигнал», Лепсе атындағы заводтарда және Киевтің басқа да көптеген кәсіпорындарында бұрынсоңды болып көрмеген өндірістік өрлеу күшеюде.

...

ге жеткізген
данышпан көсе
ген сүйіспенші
Біз үшін, ба
сталиндік зама
ештеңе жоқ. Ө

Коммунистік
рарларында кө
ді абройымен о
ауылшаруашыл
(Совет ауданы

Кәзір колхоз
лау және шаб
нына тасып ү
зіп жатыр. Ш
бөлінген.

Егін сабаны
лары жанына
теп жүрген ж
рысты кеңіне
йын еңбектің
жетуде. Еңбек
дың С. Русен
егін бригадас
түсіп келеді.
ленген бригад

Чапаев ат
артелінің (Ок
міздің өмірінд
партияның XI
хабарды естісі
рын-соңды бо
тырып, жоғар
Съезд қарсаң
стахановтық
ауыл шаруаш
де және сапа
мыстың қай
еңбек етіп, т

Кәзіргі уақ
рарларын ойд
қажырлы күр

# ...шылық көрмесі

*...в,*
*...ттары*
*...атқару*
*...эдателі*

...бораториядағы
...ның кішкене
...й болса да
...ы бүкіл елдің
...ге айналған
...ң орталығы
...лғалы отыр-
...лық көрмесі
...ашылығы ал-
...қсы тәжри-
...насихаттауды

...ық көрмесі
...жылдай уа-
...інде облысы-
...ның барлық
...ып өзгеріп,
... мен МТС-
... мәдениетінің
...ылық өндірі-
...дыру дәре-
...әдісін бұдан
...уға да бол-

...ық көрмесі
...лық салала-
...көрсетуді көз
...ың түрлі са-
... павильондар
...ін шаруашы-
...рман шаруа-
...е павильон-

...шылық да-
...ан жоғары
...ақсы көрсет-
... колхоздар,
...етіледі. Көр-
...оздардың ко-

дау жұмыстарын механикаландыруда да елеулі табыстарға қол жетті. Демек, 1940 жылы шөп шабу жұмысының небары 3 проценті ғана механизация күшімен атқарылса, 1952 жылы бұл көрсеткіш 80 процентке жетті.

Облыс колхоз, совхоздарында соңғы жылдарда қоғамдық мал басы өсіп қана қойған жоқ, мұнымен бірге, мал тұқымын асылдандыруда да елеулі табыстарға қол жетті. Мұның өзі мал шаруашылығының өнімділігін едәуір арттыруға мүмкіншілік берді. Облыс колхоздарының 1951 жылы 1940 жылға қарағанда мемлекетке етті 2,5 есе, жүнді 2 еседен аса, сүтті 3 еседен аса артық тапсыруы бұл пікірімізді толық дәлелдейді.

Әсресе, соғыстан кейінгі жылдарда ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығын мейлінше арттырып, одан көп өнім алу, коғамдық мал шаруашылығының өнімділігін арттыра түсу нәтижесінде колхоздар ұйымдық-шаруашылық жағынан бұрынғыдан да нығайды, олардың ақшалай және заттай табысы артты, колхозшылардың еңбеккүн бойынша алатын табысы да молайды. Ал, облыс колхоздарының бөлінбейтін қорлары 1951 жылы 1940 жылғымен салыстырғанда екі есе молайды.

Ауылшаруашылық көрмесінің материалдары колхоздарда егіншілік мәдениетінің мейлінше өркендегендігін толық және айқын бейнелеп береді. Көрмеге егіншіліктің шөп танапты жүйесін игеріп, жыл сайын егіннен мол өнім алған алдыңғы қатарлы колхоздар қатынасады.

Мына бір мысалдар да облысымызда егіншілік мәдениетінің арта түскендігін көрсетеді. Соңғы бес жылда облыс колхоздарында егін қорғайтын орман алқаптарының көлемі екі еседей, ал, көп жылдық шөп егісінің көлемі 1940 жылғымен салыстырғанда 1952 жылы 7,5 есе артты. Сол сияқты дәнді дақылдың сортты...

# Кореядағы оқиғалар

## ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 17 октябрь. (СОТА). Корей Халық- Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен бірге тығыз байланыс жасай отырып, Шығыс майданның жекелеген участоктерінде дұшпанға қарсы кескілескен қорғаныс ұрыстарын жүргізді деп хабарлады.

Кымхва ауданында дұшпан 3 полктей әскерлердің күшімен бір неше рет күшті атакалар жасады. Алайда, шығынға ұшыратылып, кейін шегеріліп тасталды.

Октябрьдің 16-нан 17-не қараған түнде «В—29» американ бомбардировщиктері Пхеньянның төңірегіндегі бейбіт елді пункттерді аюандықпен бомбалады.

Бүгін жау самолеттерін аңдып атқыштар отрядтары дұшпанның 7 самолетін атып түсіріп, 3 самолетін зияндады.

# Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының VII сессиясында

НЬЮ-ЙОРК, 16 октябрь. (СОТА). Бас Ассамблеяның бүгінгі таңертеңгі пленум мәжлісінде жалпы айтыс басталды.

Еңалдымен сөз алған Кубаның өкілі Кампа нақтылы ұсыныстар енгізбестен, Бас Ассамблеяның алдында тұрған мәселені жалпылама сөздермен талқылады.

Сонан кейін Швецияның сыртқы істер министрі Унден сөз сөйледі. Ол «арбитраждың халықаралық системасы туралы» мәселені алға қойып, бұл мәселені швед самолеттерінің Балтық теңізінде ұшуы жайында Швецияның заңсыз талаптарымен, яғный Біріккен Ұлттар Ұйымының қарамағына жатпайтын мәселелермен байланыстырды.

Чили өкілі Санта Крус кем дамыған елдерді өркендету мәселесіне көбірек көңіл бөлуге шақырды.

Ирак делегаты Джемали Ирактың Тунис және Марокко жөніндегі мәселелерді Бас Ассамблеяның күн тәртібіне енгізуді қостайтынын білдірді.

Таңертеңгі пленум мәжлісі осымен аяқталды.

# Бас Ассамблеяның бас комитетінде

НЬЮ- ЙОРК, 16 октябрь. (СОТА). 15 октябрьде бас комитеттің мәжлісі өткізілді. Бұл мәжліс Бас Ассамблея сессиясының алдын- ала күн тәртібін қарауға және күн тәртібінің мәселелерін Ассамблеяның комитеттеріне бөлуге арналды.

Громыко жолдас ССРО делегациясы атынан кейбір мәселелердің Бас Ассамблеяның күн тәртібіне енгізілуіне қарсылық білдіріп, демо геноцидке жол бермеу туралы келісімнің қытайлық текстін қайта карауды өтінген гоминдандық топтың өкілінің ұсынысын күн тәртібінен шығаруды өтінді. Мұндай ұсыныс енгізуді Громыко жолдас бұл мәселені гоминдан-американдар тобы бұл мәселені сессияның күн тәртібіне енгізуге дауыс берді.

Чехословакия өкілі Носек АҚШ-тың басқа мемлекеттердің ішкі істеріне қол сұғуы —АҚШ үкметінің ССРО-ға, Қытай Халық Республикасына, Чехословак Республикасына және басқа халықтық демократия мемлекеттеріне қарсы бүлдірушілік, шпиондық әрекет ұйымдастыруы туралы мәселені Бас Ассамблеяның күн тәртібіне енгізуді ұсынып, бұл ұсынысты комитеттің қарауына тапсырды.

Бұл ұсынысты енгізгенде Чехословакия өкілі бұл мәселенің маңызды екенін және оны шұғыл қарау керек екенін көрсетті...

## ЧЕХОСЛОВАКИЯДА И. В. СТАЛИННІҢ «ССРО-да СОЦИАЛИЗМНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ» ДЕГЕН ЕҢБЕГІНІҢ ЖӘНЕ СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ XIX СЪЕЗІ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖАРИЯЛАНУЫ

ПРАГА, 16 октябрь. (СОТА). Чехословакияның еңбекшілері И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегіне және Совет Одағының Коммунистік партиясы XIX съезінің материалдарына ерекше көңіл бөлуде.

Сол себепті республиканың баспалары бұл документтерді чех және словак тілдерінде бастырып шығаруда.

Прагада И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегі 100 мың дана, Г. М. Маленков жолдастың баяндамасы —«БК(б)П Орталық Комитетінің партияның XIX съезіне есепті баяндамасы» 300 мың дана болып чех тілінде басылып шықты.

«Руде право» газетінің хабарына қарағанда, жақын арада көбейтілген тиражбен шығарылатын, Чехословакия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің «Нове мысль» теориялық және саяси журналында И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегі, И. В. Сталин жолдастың Совет Одағының Коммунистік партиясы XIX съезінің қорытынды мәжлісінде сөйлеген сөзі, Маленков, Сабуров, Хрущев жолдастардың баяндамалары, Совет Одағының Коммунистік партиясы XIX съезінің қарарлары және басқа документтері басылады.

## ГЕРМАНИЯНЫҢ БІРТҰТАСТЫҒЫ ҮШІН, БЕЙБІТШІЛІК ҮШІН

БЕРЛИН, 14 октябрь. (СОТА). ...ДН агенттігінің хабарына қарағанда, 12 октябрьде Дюсельдорфта «Бостандық, бейбітшілік...

...тыратын шеберлердің қатарын көбейту, озаттықтың, прогрессшілдіктің бәрін қолдап отыру, колхоз бен совхоз өндірісінің барлық саласында ғылымның жетістіктері мен ауыл шаруашылығындағы алдыңғы қатарлы тәжрибені неғұрлым тез енгізіп отыру».

...1952 жылы бұл жұмыстың 98,8 проценті тракторлармен атқарылды. Сол сыяқты, 1940 жылы егін жыйнау жұмысының 76,6 проценті ғана механикаландырылған болса, 1950 жылы бұл жұмыстың 99,2 проценті механизация күшімен атқарылды. Осы уақыттың ішінде жеміспен дайын...

...алып отырған көрмеге кеңінен қатысып, алдыңғы қатарлы шаруашылықтар мен ауыл шаруашылығының таңдаулы шеберлерінің тәжрибелерін көпшіліктің игілігіне айналдыру, сөйтіп, социалистік ауыл шаруашылығын партияның тарихи XIX съезінің директивалары талап еткен дәрежеде өркендете беру.

# Оқу үйі — бұқаралық жұмыстың орталығы

Қазақстан Коммунистік партиясы VI съезінің қарарларын жүзеге асыра отырып, Преснов ауданындағы бірқатар мәдени-ағарту мекемелері ауыл-село еңбекшілері арасында жүргізілетін мәдени-ағарту жұмыстарының идеялық дәрежесін көтеру жөнінде едәуір жұмыстар істеді.

Мәселен, Ново-Рыбинка селолық Советі жанындағы оқу үйі (меңгерушісі Дедов жолдас) село еңбекшілерінің мәдениетті дем алатын орнына айналдырылған. Оқу үйі саяси- бұқаралық жұмыстарды жоспарлы түрде жүргізіп отырады. Колхозшылардың күн сайын кешке келіп газет, журналдар мен көркем әдебиет кітаптарын оқуына, шахмат, дойбы ойнауына, радио арқылы күнбе- күнгі жаңалық хабарлар мен концерттер тыңдауына оқу үйінде толық жағдай жасалған. Мұнда 1200 дана кітап бар. Оны село еңбекшілері үнемі алып оқып отырады. Оқу үйі қысқы маусымда жұмыс істеуге ойдағыдай әзірленген.

Троицкое селолық кітапханасының жұмысы да соңғы кезде едәуір жақсарды. Кітапхана үйі сапалы жөнделіп, ұрандармен, плакаттармен безендірілген. Қазір кітапхана активтері мен үгітшілер Совет Одағы Коммунистік партиясы XIX съезінің материалдарын село еңбекшілеріне кеңінен түсіндіріп жүр.

Өзінің жұмысын бүгінгі күннің талабына сай ұйымдастырған мәдени-ағарту мекемелері ауданда көптеп саналады.

Алайда, аудандық мәдени-ағарту бөлімі (меңгерушісі Тулкин жолдас) мәдени-бұқаралық жұмыстарды идеялық жоғары дәрежеде жүргізіп отырған бұл сыяқты ауыл-селолық мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыс тәжрибесін басқаларының игілігіне айналдыра алмай отыр. Мұны Жарқын ауылдық оқу үйінің жұмысынан айқын көруге болады. Бұл оқу үйінің аты бар да, істеген жұмысы жоқ. Тіпті оқу үйінің арнаулы үйі де жоқ. Осыны пайдаланып, оқу үйінің меңгерушісі Сұраганов жолдас колхоз кеңсесі не орналасқан оқу үйіне жуымайтын болып алған. Мұнда ешқандай саяси- бұқаралық, мәдени-ағарту жұмысы жүргізілмейді.

Архангель селолық оқу үйі қажетті кітаптармен, арнаулы үймен қамтамасыз етілген. Бірақ, оқу үйінің меңгерушісі Щербаков жолдастың өзінің міндетті қызметіне немқұрайды қарағандығынан мұнда ешқандай жұмыс жүргізілмейді.

Аудандық мәдени-ағарту бөлімі ауыл-селолық оқу үйлерінің, клубтар мен кітапханалардың жұмысындағы бұл сыяқты кемшіліктерді жойып, оларды қолынан іс келетін қызметкерлермен толықтыру шараларын қарастырғаны жөн.

**М. ӘКІМЖАНОВ.**

# Спорт жұмысы жақсаруда

Қаладағы № 5 қазақ орта мектебінде физкультура және спорт жұмыстары ойдағыдай жүргізіліп келеді. Мектепте ГТО, БГТО значкистерін дайындауға баса көңіл бөлінуде. Мұнда түрлі спорт секциялары жұмыс істейді. Олардың ішінде жеңіл атлетика, ауыр атлетика, атқыштар, штангашылар, волейбол, шахмат секциялары бар. Бұл секциялардың жұмысына оқушылар белсене қатысады. Мәселен, Г. Балғожин, Қ. Тоқышев, Ә. Оразбаев сыяқты оқушылар жеңіл атлетика секциясында жаяу жүгіруге, биіктікке, ұзындыққа секіруге жаттығып жүр. Ал, З. Мұхамбетов, З. Құсайынов, О. Әбенов сыяқты оқушылар штанга көтеру, диска лақтыру спортымен шұғылдануда.

Жуырда мектеп бойынша жеңіл атлетикадан жарыс өткізілді. Жарыстың нәтижесінде I және II дәрежелі ГТО значегіне 64 адам, БГТО значегіне 41 адам норма тапсырды. Сонымен бірге 20 оқушы жас өспірімдер разрядына, 7 оқушы үшінші разрядқа ие болды.

Мектепте жақсы жабдықталған спорт залы бар. Бұл оқушылардың физкультура және спортпен үнемі шұғылданып отыруларына толық мүмкіндік береді.

**Б. МАҒАЗОВ.**

...рациясы бойынша,осы мемлекеттерге жүктеледі. Алайда, бас комитеттегі ағылшын-...

...ған Марокко мәселе... ның күн тәртібіне...

# Бейбітшілікті қорғаудың Халықтар Конгре... барысы туралы Бүкілдүниежүзілік Бейбіт... хабаршы бюллетені

ВЕНА, 17 октябрь. (СОТА). Венада бүкілдүниежүзілік Бейбітшілік Советінің хабаршы бюллетені шыға бастады. Бюллетеньнің мақсаты әрбір елде бейбітшілікті қорғауға халықтардың әзірлігінің барысын хабарлап отыру. Бюллетень француз, неміс, ағылшын және испан тілдерінде басылып шығады.

Бюллетеньнің бірінші номерінде Азия және Тынық мұхит елдерінің бейбітшілік жақтаушылары Конгресінің жұмысы туралы материал жарияланды. Азия және Тынық мұхит елдер... миллион адамдары... халықтардың арасы... рым- қатынасты... бюлленьде атап көр...

Сол сыяқты, Конг... сы туралы хабар ж...

Бюллетеньде герм... жөніндегі халықар... әзірліктің барысы т... жарияланған.

## ЖАПОНИЯДАҒЫ ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

ТОКИО, 17 октябрь. (СОТА). Жапонияда кәсіподақтардың Бас советіне кіретін кәсіподақтардың басым көпшілігі жалақының арттырылуын талап етіп, жұмысшылардың қуатты ереуіл қозғалысын кеңінен өрістетуде.

Электр өнеркәсібінде ереуілдер 24 сентябрьден бері қарай болып келеді. 11 октябрь күні төртінші ереуіл болды. Оған 175 электр станциясының жұмысшылары қатысты. Бесінші ереуіл 15 октябрь күні болып, оған 143 электр станцияларының жұмысшылары қатысты.

13 және 14 октябрь күндері ең ірі кәсіп компанияларынд... қатынасқан 48 саға...

Электр машиналар... тоқыма өнеркәсібі, ... жолдар жұмысшыла... ры, мемлекеттік мо... ланыс қызметкерлері... жалақыны арттыру ...

Кеше кәсіп иелер... федерациясы қарар... ясп күрес жүргізген... ды айыптап, үкмет... ті» сақтау үшін бат... талап етіледі.


# КИНОЛАРДА

**«УДАРНИК» кинотеатрында**

**«ДАҢҚ ҮНІ»**

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

**«ОКТЯБРЬ» кин...**

**«ПАХ...**

Сеанстар сағат 12-...



**РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, реда... партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы —0-22, газет табыс ті...**

УШ 01924. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы полиграфия баспа және кітап саудасы өнеркәсібі Басқармасының Петропавлдағы Мемлекет...